МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «Ә» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
IV апта (25-29 сәуір) 2022ж

Бекітемін:
Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Аманшеева А.Ж

Тәрбиеші: Абенова Б.К

**Өтпелі тақырып**: «Әрқашан күн сөнбесін»

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 25.04** | **Сейсенбі 26.04** | **Сәрсенбі 27.04** | **Бейсенбі 28.04** | **Жұма 29.04** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңе кеңес, әңгімелесу.** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығу кешені № 16 | | | | |
| **Ойындар, (үстел үсті, саусақ жаттығулары** | қ.с № 6 картотека.<br>«Кім көбірек айтар?» ойыны. | т.с № 34 Каротека<br>«Танып ал да, атын ата» | қ.с № 4 картотека.<br>Ойлан да аяқта. | Д. ойын: «Құстарды құрастыр» | Д. ойын: Ойыншықты тап» |
| **Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Ж дыбысы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Ж дыбысымен танысады, дыбыстық талдауды дұрыс талдай білуге тәрбиелей алады, дәптермен жұмысты ұқыптылықпен орындай білуге қалыптастыра алады.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын**:«Кел танысайық»<br>**Шарты:** Ж, ж дыбысымен танысу,әріптік белгілеуін көрсету,таяқшалармен әріпті құрастыру,жаңа дыбысқа байланысты жаттығулар,үш төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасау.<br>**Құрылымдалған ойын** « Ж,ж дыбысы әлеміне саяхат»<br>**Шарты:**Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды; | **1.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Пішіндер неге ұқсайды?<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Геометриялық денелердің атауларымен таныстыра алады, заттардың белгілерін атай алады.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын**:<br>«Ажырата біл»<br>**Шарты:** пішіндерді екі белгі – пішін мен түс бойынша бөліңдер.<br>Топтардың әрқайсысына пішін мен түс көрсетілген карточка таратылады.<br>Одан кейін өзара тексеру ұйымдастырылады.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>**«Ұқсас затты тап»**<br>Шарты: Пішінге ұқсас заттарды табады. | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Ж дыбысы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Ж дыбысымен танысады, дыбыстық талдауды дұрыс талдай білуге тәрбиелей алады, дәптермен жұмысты ұқыптылықпен орындай білуге қалыптастыра алады.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын**:«Кел танысайық»<br>**Шарты:** Ж, ж дыбысымен танысу,әріптік белгілеуін көрсету,таяқшалармен әріпті құрастыру,жаңа дыбысқа байланысты жаттығулар,үш төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасау.<br>**Құрылымдалған ойын** « Ж,ж дыбысы әлеміне саяхат»<br>**Шарты:**Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды;<br>**Еркін ойын** | **1.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:** Ұлы Отан соғысы ардагерлері.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Ұлы Отан соғыс ардагерлерін құрметтейді, олардың елімізді қорғаудағы ерлігін бағалайды. Ұлы Отан соғысы және соғысқа қатысқан қазақ батырлары туралы мағлұмат алады.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**«Ұлан әскері»<br>**Шарты:**Сурет арқылы Егеменді Қазақстанның Ұлан әскері, еліміздің қарулы күштері туралы түсінік беру.<br>Құрылымдалған ойын ««Қазақстаның Қарулы Күштері»<br>**Шарты:** Қазақстан Республикасы әскері, Отан қорғаушылар туралы түсініктері қалыптасып болашақта отанды қорғауға,оны құрметтеуге тиіс екендерін түсінді.<br>**Еркін ойын:** «Мен солдатпын»<br>**Шарты;** Сапта жүріп үйренеді.<br><br>**2.Денешынықтыру.** | **1.Өзін-өзі тану.**<br>**Тақырыбы:** Менің туған күнім.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Туған күн мерекесі туралы біледі.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын:**“ Туған күн ”<br>**Шарты::**Отбасымен бірге туған күн мерекесі туралы түсінеді, айтып бере алады.<br>**Құрылымдалған ойын:”** Отбасындағы мереке ”.<br>**Шарты:**Отбасылық мерекелер туралы біледі,қуанышты көңіл күй сыйлау дағдылары қалыптасқан.<br>**Еркін ойын:** «Тілек шоғы»<br>**Шарты:** Балалар бір біріне тілектер айтады.<br><br>**2.Музыка.**<br>**Тақырыбы:** Ғарыш әлеміне саяхат.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еркін ойын**<br>«Сөздерге дыбыстық талдау»<br>**Шарты:** жас, жаңа, жу сөздеріне дыбыстық талдау жасау.<br><br>**2.Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:** Жантақ қайда өседі?<br>**ҰОҚ мақсаты:** Түрлі өсімдіктердің өсетін жері (далалық, шабындық, орман, егіс алқабы, бақша және т.б.) аймақтың ерекшеліктеріне қарай өсетін: жантақ, сексеуіл, бетеге т.б. өсімдіктері туралы түсінік қалыптастырады.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын: «Ауа-райы»**<br>Табиғат күнтізбесіндегі ауа райын белгілеуге шақырады.<br>**Құрылымдалған ойын: «Ажырата біл»**<br>**Шарты**: экоаймақтардың бірін (дала, орман, тау, көгал, алқап, суқоймасы) таңдап алып, суреттерді бөледі.<br>**Еркін ойын:** Жантақ қайда өседі?<br>**Шарты:** сурет салу.<br><br>**3.Денешынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Ойна, ойна доптан айырылып қалма.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз | **Еркін ойын: «Артығын тап»**<br>Шарты: Бұйымдарды қарап, пішіндерді атайды.<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:** Қасқыр мен түлкі.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Аңдар жайлы мәлімет алады. олардың қысқы өмірі жайлы әңгімелейді. Пайдасы, зияны жайлы әңгімелеу арқылы сөздік қорларын дамытады.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>«Қандай аң?»<br>**Шарты:**«Әткеншек» әдіс бойынша аңдардың суреттерін бір-біріне көрсету арқылы әңгімелейді.<br>**Құрылымдалған ойын:** «Аңдар әлемі»<br>**Шарты:**Жылдың түрлі мезгілінде аңдардың сыртқы түрі мен тіршілік ету салтының ерекшеліктерін атап көрсетеді және сипаттайды.<br>**Еркін ойын:** «Өз үйін тап »<br>**Шарты:** аңдарды сызық арқылы өз үйлеріне орналастырады.<br><br>**3.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** Сырмақты әшекелейміз.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Қазақ халқының сәндік өнері бойынша сурет салу, ою-өрнектердің сипатын, түсінің үйлесімділігін бере | «Сөздерге дыбыстық талдау»<br>**Шарты:** жас, жаңа, жу сөздеріне дыбыстық талдау жасау.<br><br>**2.Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:** Мен ғарышкер боламын.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Ғарышкерлер туралы түсінік алады. ғарыш әлемінің кереметтерімен танысады. Ғарышкерлерді құрметтейді. Ғарыш туралы білімдерін кеңейтеді.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын**<br>«Менің арманым»<br>**Шарты**: Сурет бойынша бала нені армандап тұр деп ойлайсың? Ашық сұрақ әдісі бойынша балалардың жауаптарын тыңда.<br>**Құрылымдалған ойын**<br>«Мен ғарышкер боламын»<br>**Шарты**:Аспан әлемі мен ғарыш кемесі туралы сурет салып түсініктерін кеңейту<br>**Еркін ойын:**«Ұшақ»<br>**Шарты:**Аспан әлеміне саяхатқа ұшады.<br><br>**3.Орыс тілі.**<br>**Тақырыбы:** Транспорт.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Познакомить с новыми словами потеме,совершенствовать грамматический строй речи; закреплять умение образовывать множественное число существительных в именительном падеже, развивать внимание, память, коммуникативные навыки; воспитывать интерес к изучению русского языка. | **Тақырыбы:** Футбол ойнаймыз.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Қимыл әрекеттердің еркін орындалуы мен сапта жүру жаттығуларын үйретуді, доппен орындалатын спорттық жаттығулар түріндегі футбол ойыны қимылдарын үйретуді жалғастырады. Футбол добын аяқпен жүргізуге жаттығады.<br>Допты бір-біріне бір орындарында тұрып және қозғалыста беру.<br>Аяқты сәл бүгіп, доптан 10–15 см және сәл иық тұсында ұстау керек. Тірек аяқтың ұшы соққы берілетін бағытпен дәл келуі керек. Соққы беретін аяқ табаны жанына бұрылып тұру қажет. Допқа аяқпен соққы беру техникасын жүзеге асыруда алдымен табанның ішкі жағымен соққы беруден бастау тиімді. Екі тобық арасына **доп қысып жүру.**<br>Баспен доп итере отырып, білек пен табанның көмегімен төрттағандап **еңбектеу**.<br>Тапсырма орындау реті: бірінші қатар екінші қатарға қарай қозғала отырып, тапсырма орындап, тез кері қайтады.<br>Содан кейін екінші қатар бірінші қатарға жылжи отырып тапсырма орындайды да, жылдам артқа қайтады.<br>Нұсқау – қозғалыс тек нұсқау бойынша ғана орындалады, өз іс-қимылыңды қатарыңдағы балалардың қимылымен үйлестіру. **«Сорғыш пен доп» жаттығуы**<br>Мақсаты: барынша көп бұлшық етті босаңсыту.<br>“Балалар, екіден жұптасыңдар. Бірің – үлкен үрілмелі доп боласың, екінші бала сорғышпен шарикті үрлейді. Доп мыжылып тұрады, | Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамытады. Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып би ойластырады.<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Ажырата біл»** Би түрлерін текше арқылы ажыратуға үйрету<br>**Музыка тыңдау;**<br>«Аққу» Н.Тілендиев<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>**Дауыс жаттығуын** «Мен ғарышкер боламын» (Г.Абдрахимова)<br>**Ән үйрену;** «Мен ғарышкер боламын»<br>**Еркін ойын:** Би «Асатаяқ» қыздарды билету.<br><br>**3.Денешынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Көшбасшы бол.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Себетке доп лақтыру, лақтыру кезінде аяқты жазып барып итерілу, бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйретуді жалғастыру. Сызықтан-сызыққа алшақ аттап жүгіруде ауада қалықтап, жеңіл жүгіру үшін екпінмен итеріле білуді жалғастыру<br>«Бірінші бол!»<br>Баяу қарқынмен жетекшіні ауыстырып отырып жүгіру: қол бүгіліп, кеуде тұсына дейін жоғары-төмен қозғап, шынтақты арт жаққа жібереді. Қолды үйлесімді түрде қозғап, еркін жүгіру қажет. Нұсқау: адымдар қысқа болуы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | баяу жүгіру дағдыларын қалыптастырады.<br><br>**құлаққа массаж жасау**<br>1. Құлақты жоғарыдан төмен, артынан және алдынан сипап қыздырудан бастаймыз. Психикалық қысымы жоғары балалар терінің тым сезімтал екенін сезінеді, ал кейбіреулері теріге қысым болғанын байқамайды, бұл іс-шараны қалыпты қабылдайды.<br>2. Содан кейін құлақтың қалқанын 1, 3, 4 саусақ ұшымен екі жақтан шымшылай жеңіл уқалау.<br>3. Құлақ қызарып, бала жылу сезінгенге дейін уқалаймыз. **«қуаласпақ»**<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Санамақ арқылы қуатын адам таңдалады. «1-2-3 – ұстап ал!» – деп белгі берілгенде, балалар жүгіріп, орындықтарға қарғып шығады (биік-тігі 30 см орындыққа бірнеше қадам аттап барып, бір аяқты серпу арқылы қарғу).<br>Қуғыншыдан қашып бір орындықтан екінші орындыққа секіріп шығады. Қолға түскен бала ойыннан шығады. Аз уақыт ішінде көп баланы ұстап алған қуғыншы ең ептісі болады.<br><br>**4.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:** Ғарыш кемесі.<br>**ҰОҚ мақсаты.** Балаларға | отырып, көлемді пішіндерді безендіруді үйренеді.<br><br>**П.ж.ойын: «**Ою түрлерін ата».<br>**Шарты**:Ұлттық бұйымдардың суреттерін көрсету арқылы таныс ою өрнектердің атын атайды және әртүрлі сырмақ үлгілерінің суретін қарай отырып салынатын оюдың ерекшелігіне орналасу тәртібіне көңіл бөледі.<br>**Құрылымдалған ойын: «**Сырмақтың оюы»<br>**Шарты:**Сырмақтың суретін салады.<br>**Еркін ойын: «**Әжемнің сырмағы»<br>**Шарты:** Қима қағаздардан ою өрнектердің сыңарын табады.<br><br>4. **В/К Ұлттық ойындар**<br>**Тақырыбы:**<br>«Айгөлек»<br>**Мақсаты:** Балаларда шапшандық қасиеттерін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс жасау қабілеттерін арттыру.<br>**П.ж.ойын: «Тасбақалар.**<br>**Шарты:** сурет арқылы тасбақалар туралы мәлімет беру.<br>**Құрылымдалған ойын:** «Сен білесің ба?»<br>**Шарты:** тасбақаны мүсіндейді. | **Д/И** «Чудесный мешочек»<br>**Цель:** уточнить и активизировать словарь по теме. Оборудование: различные виды транспорта.<br>Педагог по одной машине достает из мешка.<br>Вместе с ребенком рассматривает, проговаривает. Это машина. Это автобус. Это грузовик. Это наземный транспорт.<br>Показывает самолет, вертолет, ракету. Называет, это самолет. Это вертолет. Это ракета. Обобщает, это воздушный транспорт.<br>Достает из мешка корабль, лодку. Называет, это корабль. Это лодка. Обобщает, это морской транспорт.<br>**Р/И** «Собери и узнай, что это».<br>Предлагает собрать картинку из четырех частей и назвать, что это.<br>Дети рассматривают картинки. Собирают части, называют транспорт, обобщают. Например, это ракета, воздушный транспорт.<br>**Р/У** «Один – много»<br>Педагог показывает образец образования множественного числа.<br>Дети по образцу называют слова во множественном числе: машина –машины, автобус – автобусы, лодка – лодки и т.д. | бүкіл денесі бүктетіліп, аяқ-қолдары бүгілген, мойны, басы салбыраған. Денесі бүгіліп, басы еңкіштеніп кеткен (доптың ішінде желі жоқ). Қасындағы бала қолдарын қимылдатып, «с» деп дыбыс шығарып допты сорғышпен үрлей бастайды<br><br>**3.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:** Зымыран.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Зымыранның пішінін қиып, жапсыра біледі.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>«Ғарышқа саяхат»<br>**Шарты:**.Суреттер бойынша аспан әлемі жайында әңгімелесу.<br>**Құрылымдалған ойын**<br>«Зымыран»<br>**Шарты:**Затқа қарап, зымыранды өз ойлары бойынша жапсырады.<br>**Еркін ойын**<br>«Ұшақ»<br>**Шарты:**Аспан әлеміне қанатын жайып, баяу қозғалып ұшып ойнайды.<br><br>**4.В/К Ойламы, ойнамыз**<br>**Тақырыбы: Ойын есептер**<br>**«Ойлан тап»**<br>**Мақсаты: Балаларды өз бетінше есеп құрастыруға үйрету.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Балаларға жабайы жануарлардың көктемгі тіршілігі туралы түсінік береді, білімдерін толықтырады. Олардың көктемгі табиғатқа бейімделуі туралы әңгімелейді. Жануарларға қамқорлықпен қарауға баулиды. Балаларды жануарларды сипаттауға, салыстыра білуге жаттықтырады. **П.ж.ойын: «Сиқырлы экран»**<br>**Шарты:**Слайд арқылы ертегі желісін көрсету арқылы әңгімелеп | тиіс және аяқты табанның алдыңғы жағына қою керек. Педагог атаған бала тізбекті бастаушы болып, бағытты өзгертеді. **«Кім допты алысқа лақтырады?»** Бастапқы қалыпты дұрыс тұруларын қадағалаңыз: үш саусақ доптың арт жағында, шынашақ пен бас бармақ екі шетінде болады. Допты лақтыру техникасына басты көңіл бөліңіз. Допты<br>ұстаған қолды сәл босаңсыта жоғары әрі артқа қозғап, денені еппен еңкейтіп, сол аяқтың өкшесін көтере созылып, ал оң аяқты көтере тізені сәл бүгіп, кідірместен допты алға қарай сілки лақтыру керек. Қауіпсіздік техникасы: доптың артынан<br>белгіден кейін жүгіріп, алаңның сол немесе оң жағынан айналып өту қажет. Содан кейін арақашықты сақтап, тізбектің соңына барып тұрады<br><br>**4.В/К Логика әлемі**<br>**Тақырыбы: Теңгемен танысу.**<br>**Мақсаты:** Ұлттық валюта - теңге туралы жалпы мағлұ-мат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ғарыш, зымыран, ұшақ туралы түсінік бере алады. Балалардың ой қиялын дамыта алады.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын**<br>«Аспан әлеміне саяхат».<br>**Шарты: «**Аспан әлеміне саяхат» атты ойын ұйымдастыру, ғарыш, планета туралы, ғарышқа ұшқан ұшқыш батырлар жайында әңгімелеп түсіндіру.<br>**Құрылымдалған ойын:** «Ғарыш»<br>**Шарты:**түрлі түсті ермексаздан планета жұлдыздарының бөлшектерін жасап, сюжетті композиция құрастырып мүсіндейді.<br>**Еркін ойын:** «Ұшақ»<br>**Шарты:** Аспан әлеміне қанатын жайып, баяу қозғалып ұшып ойнайды. | | **4.Музыка.**<br>**Тақырыбы:** Ғарыш әлеміне саяхат.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттырады. Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамытады. Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып би ойластырады.<br>**<u>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын</u>: «Ажарата біл»** Би түрлерін текше арқылы ажыратуға үйрету<br>**Музыка тыңдау:** «Аққу» Н.Тілендиев<br>**<u>Құрылымдалған ойын:</u>**<br>**Дауыс жаттығуын** «Мен ғарышкер боламын» (Г.Абдрахимова)<br>**Ән үйрену;** «Мен ғарышкер боламын»<br>**<u>Еркін ойын:</u>** Би «Асатаяқ» қыздарды билету. | түсіндіре отырып балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Құрылымдалған ойын:** «Аңдар айтысы»<br>**Шарты:** Ертегі желісі бойынша рольдерге бөліне отырып сахналауда өз өздерін көрсете білуде жеке шығармашылық қабілеттері дамиды.<br>**Еркін ойын:** «Ғажайып суреттер»<br>**Шарты:**Сурет бойынша жұмбақтардың жауабын тауып сызық арқылы қосу. | беру. Балаларды түрлі монеталармен таныстыру.<br><br>**П.ж.ойын:** «Осы пішіндегі затты тап»<br>**Шарты:**қоршаған ортадан таныс геометриялық денелерді табу дағдысын түсіндіру<br>**Құрылымдалған ойын: «Ғажайып тапсырмалар»**<br>**Шарты:**Қарапайым мысалдар мен есептерді шеше білу дағдыларын біледі.<br>**Еркін ойын:** «Күрделі тапсырма»<br>**Шарты:**мысалдар мен есептерді шеше біледі |
| **Серуен, бақылау** | **Серуен № 5**<br>**Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау**<br>*Мақсаты: бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау.* | **Серуен № 6**<br>**Тастарды бақылау**<br>*Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.* | **Серуен № 7**<br>**Бұлттарды бақылау**<br>**Мақсаты***: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.* | **Серуен № 8**<br>**Желді бақылау**<br>*Мақсаты:*<br>*- жел туралы түсініктерін бекіту;*<br>*- жел түрлерін есте сақтау.* | **Серуен№ 9**<br>**Сутоғанды бақылау**<br>*Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.* |
| **Баланың даму картасы** | Адия ана тіліндегі барлық дыбыстарды айта алу.Қатаң және ұяң дыбыстарды ажырату. | Жазық және көлемді геометриялық пішіндердң білу және ажырату. | Сурет бойынша сұрақтарға жауап беру.Үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасау. | Қарапайым үйлесімділікті сақтай отырып ,адам мен жануарлардың пішінін мүсіндей білу. | Табиғатқа қамқорлық танытудың қажеттілігін түсіну және білу. |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Сандарды тура және кері санату.Ертегіні айтқызу. | Буынға бөліп оқыту,дыбыстық талдау жасау. | ересектер мен жақындарына мейірімділік, сыйластықты білдірте алуды үйрету. | отбасы мүшелеріне өзінің жақсы көру сезімдерін білдіре білуді үйрету. | таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналату. |